

Құжатты дайындады және қол қойды: Абсадық А.А., 13.05.2023 жылы 13:32 (Астана қ. уақыты бойынша), erglg@kqr.kz
Құжатты келісілді: Советов А.М., 13.05.2023 жылы 13:41 (Астана қ. уақыты бойынша), erglg@kqr.kz

КЕЛІСЕМІН
Астана қаласы прокуратурасының
басқарма прокуроры
Советов А.М.
2023 жыл 13 мамыр

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімі» АЖ

ҚАУЛЫ
күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы

Астана қ.

2023 жыл 13 мамыр

Астана қаласы ПД ТБ тергеушісі Абсадық А.А., №237100031000011 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын карап,

АНЫҚТАДЫМ:

28.10.1965 жылы туған Солтүстік Қазақстан облысының тумасы, Сембай Асқар Қажажіміұлы, Астана қаласы аумағында бола тұра, басқару тәртібіне қарсы қылмысты келесі жағдайда жасаған:

2017 жылғы 20 сәуірде «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (бұдан әрі - ҚДТ) қозғалысы жария етілді, ол әділет органдарында белгіленген заңды тәртіппен қоғамдық бірлестік немесе ұйым ретінде тіркелмеген. «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерін, «Telegram», «WhatsApp», «Viber» мессенджерлерін, «YouTube» бейнехостингін пайдалана отырып, «ҚДТ» Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік билігін күштеп құлатуға байланысты экстремистік сипаттағы мәліметтер мен үндеулерді таратады.

Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2018 жылғы 13 наурыздағы шешімімен тіркелмеген «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы экстремистік ұйым деп танылды және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, оның ішінде Ғаламтор желісінің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және бейнехостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдарды тарату арқылы «ҚДТ» экстремистік ұйымының кез келген қызметіне тыйым салынды.

2018 жылғы 13 наурызда барлық бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде Астана қаласы Есіл аудандық сотының «ҚДТ» тіркелмеген қозғалысын экстремистік ұйым деп тану және оның Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы кез келген қызметіне тыйым салу туралы шешімі жарияланды.

А.Қ. Сембай «ҚДТ» экстремистік ұйымының қызметіне белсенді қатысу мақсатында, көрсетілген «ҚДТ» ұйымына қатысты оның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот

шешімінің бар екенін және өз әрекеттерінің заңсыздығын нақты біле отырып, «ҚДТ» ұйымдарының қатарына қасақана қосылған.

А.Қ. Сембай, Қазақстан Республикасының «бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар тәртібі мен өткізу туралы» заңнамасын бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 488-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бірнеше рет жауапқа тартылып, сот шешімімен «ҚДТ» экстремистік ұйым деп танылғаны және оның Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында кез келген қызметіне тыйым салынғаны туралы хабардар болып, «ҚДТ» экстремистік ұйымының әлеуметтік өшпенділік пен алауыздықты қоздыру өзінің қылмыстық ниеттерін іске асыру және елдегі қоғамдық-саяси ахуалды тұрақсыздандыру мақсатында өз әрекеттерінің қылмыстық сипатын сезіне отырып, тікелей ниетпен әрекет ете отырып, мазмұны қоғамда наразылық көңіл-күйін қалыптастыруға және саяси бағынбауға итермелеуге бағытталған материалдарды репостын (репост - әлеуметтік желіде материалмен жылдам бөлісу тәсілі) жүзеге асырды және аталған ҚДТ» экстремистік ұйымының идеологиясын қолдап, өзінің әлеуметтік желілерде бейнежазбалар таратқан, осылайша «ҚДТ» экстремистік ұйымдарының қызметіне қатысты.

А.Қ. Сембай 2019 жылдың басынан бастап Астана қаласы аумағында бола тұра, өзінің іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін түсініп, қоғамдық қауіпті салдардың болуы мүмкін екендігін және болмай қоймайтынын болжай отырып, олардың орнауын қалап, қасақана, Астана қаласы, Есіл ауданы сотының 13 наурыз 2018 жылғы шешіміне сәйкес «Қазақстанның демократиялық таңдауы» экстремистік ұйым деп танылғанын және оның Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынғанын біле тұра, идеологиясын ұстанып және үгіт-насихат қызметіне нақты қатысып, «ҚДТ» экстремистік ұйымына тиесілі ақпараттарды өзінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі «Асқар Сембай» атты жеке парақшасы каналы арқылы жүйелі, әрі саналы түрде жариялап және бөлісіп жүрген.

Атап айтқанда, Асқар Сембайдың 2022 жылдың 7 қараша мен 17 қараша айының аралығында келесі видеоүндеулері мен жарияланымында жаппай көше наразылығын ұйымдастыру, билікті басып алу, уақытша үкімет құру және мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгертіп, парламенттік республика құру туралы «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (көпшілікке «ДВК» аббревиатурасымен танымал) экстремистік ұйымының идеялары мен бағдарламаларын насихаттайтыны және бұл ұйымның лидері М.Аблязовтың мәлімдемелеріне жиі сілтеме жасайтыны анықталды:

1) Мен Асқар Сембай, бүгін 7 қараша 2022 жылы Сіздердің алдарыңызда шығып отқан сұрақ-жауап деген тікелей эфир болды Әблязовтың. Әблязов жауап берді. Осыған дейін Әблязов тікелей эфирінде күнде жүргізіп, осы мәселені айтып отыр.

2) Өйткені, бізде мына Қазақстан демократия таңдау саяси ұйымы бүгінгі күнде 21 қаланы бекітті, бекіткенде тізімін бекітті, қай жерде 20 қараша жиналу керек екенін және қай уақытта екені айтылды, оған қоса Мұхтар Әблязов осыған дейін күнде шығып жатқан тікелей эфирінде осыны сіздерге жеткізіп

отыр. Сондықтан, біздің бағдарлама Әблязов жариялаған бағдарлама орта мерзімді бағдарлама деп саналады.

3) «Оның барлығы мына бүкіл тізбекте бар, қай кезде жиналу керек, қай уақытта жиналу керек, барлығын мына Мұхтар Әблязов айтқан»

Бұдан бөлек, А.Қ. Сембай, қызметіне тыйым салынған «ҚДТ» ұйымның заңсыз қызметін мақсатты түрде жалғастыруға және алға қойған деструктивті саяси мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ұйымдастырушылық сипаттағы іс-әрекеттер жасағаны анықталды. Атап айтқанда, ұйымдастырушылық сипаттағы белгілері Асқар Сембайдың Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығын бұзу мақсатында 2022 жылдың 20 қарашасы – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу күніне рұқсат етілмеген жаппай көше наразылықтарын ұйымдастыруды егжей-тегжейлі жоспарлау және халықты рұқсат етілмеген митингке шақыру туралы әлеуметтік желілерде 2022 жылдың 7 қараша мен 17 қараша айының аралығында келесі үндеулер жариялаған:

1) «20-шы қарашада үлкен мүмкіндік, өйткені ол күні сайлауға 12-13 млн адам сайлаушылар көшеге шығады, сайлауға барады. Сайлау учаскісіне бармай, міндетті түрде белгіленген орындарға жиналып, алаңға жиналу керек. Міне біздің басты мақсатымыз.»

2) «Ол үшін 20 қараша міндетті түрде 500 мың адам Қазақстан бойынша әрекет ету керек, одан кем болмау керек. Сонда ғана өзгеріс болады, сонда ғана нәтиже болады. Астананың өзінде 50-60 мың адам көшеге шығым, алаңға барып, әкімшілікке бару керек. Бұның бәрі нәтижелі болу үшін үйлесімді штаб сол басқарады, біреу сұрап жатыр үйлесімді штаб не істейді деп?! Қазіргі күнде үгіт-насихат жүргізу, уақытша үкімет ұйымдастыру және ұяшықтардық координациясын, жүріс-тұрысын бақылап, алдын-ала басқарып түзеп отырады. Қай жерде, қай уақытта жиналсын деп ұйымдастырып отырған мына үйлесімді штаб.»

3) «Халыққа емес, полицияға қорқу керек. Біздің бірлігіміз. Қаншалықты біз күшті болып, қаншалықты бірігіп көтеріліп, бір тұтас болып, сол күні 20-шы күні кәрекет етсек, сонда ғана нәтиже болады. (...) Міне гарантия, міне кепіл! Қаңтар қырғыны қайталанбау үшін, біз көп болып, жұмылдырып көшеге шығуымыз тиіспіз.»

4) «Белгіленген 20 қарашада күні сайлауға бармай, Әблязов белгілеген сол жерде жиналып көшеге шығып, наразылық танытып, әкімшілікке барып, әкімшіліктің ішіне кіріп мына жүйені ауыстыру керек. (...) Мына 20 қарашада жұмылып, бір ұлт болып, бір тұтас ел болып, қоғам болып, халық болып көшеге шығып, үйде жатпай көшеге шығып, наразылық танытып, белгіленген жерде, белгіленген орында, белгіленген уақытта жиналып, мына жүйені кетіруге әрекет етейік.»

5) «Солардың, енді қарашадағы сайлау күніндегі «Х» күнінде сол бірлігімізді көрсетіп, бір тұтас ұлтымызды көсетіп, халқымызды көрсетіп, азаматтық қоғамымызды көрсетіп, әр азамат өзінің позициясына тұрып, бірлікте сайлауға бармай, біріктен мына митигіге шығып мына жүйеден ауысып құтылу

керек. Оның барлығы мына бүкіл тізбекте бар, қай кезде жиналу керек, қай уақытта жиналу керек, барлығын мына Мұхтар Әблязов айтқан»)

6) «Білештің артында тұрған Ата-Жұрт еріктілері, барлығымыз қосылып, 20 қарашада бірігіп, әрекет етеміз деген үміттемін.»

7) «Бізге бірігіп 20 қарашада сайлауға бармай, көшеге шығып әрекет етуіміз тиіспіз. Ол үшін үнсіз болмай, әрекет етіп, хабарласып, мына ұяшықтар құрып сенімді адамдармен бірге, хабарласып ұяшық арқылы болсын, тікелей координационный штабқа тікелей шығыңыздар Заманбек Тилеуовпен. Кеше естідіңіздер ғой, жай шатқалда жатқан аудандарда ячейка құрып жатыр. Халық көтеріліп жатыр, халық оянып жатыр. Мына жүйені ауыстырмай, ешқандай өзгеріс болмайды.»

8) «20 қарашада ешқандайда сайлауға бару керек емес, турасымен митингіге шығу керек. Митингіге шығып, бекітілген орында, бекітілген уақытта митингіге шығайық. Бір-бірімізді тартып, жақтастырымызды тартып.»

9) «сендердің алдына шығып отқан мәселе мынау 20 қарашадағы сайлауға қатысты және уақытша үкімет нені ұсынып отыр, не ұсынады? Өйткені, бізде мына Қазақстан демократия таңдау саяси ұйымы бүгінгі күнде 21 қаланы бекітті, бекіткенде тізімін бекітті, қай жерде 20 қараша жиналу керек екенін және қай уақытта екені айтылды, оған қоса Мұхтар Әблязов осыған дейін күнде шығып жатқан тікелей эфирінде осыны сіздерге жеткізіп отыр.

Осы қазіргі 20 қарашаға толыққанды жоспар жасалған, өздеріңіз білесіз қанды қырғында қаңтарда осындай жоспар болмағаннан кейін бүлік орын алды, және де бүлікшілердің жетегінде кетіп апатқа ұшырадық. Егер осы бағдарламаны қолдасандар, онда сендер кәрекет етіп қатысып, көшеге шығып, наразылық танытып, мына жүйені кетіруге ат салысыңыздар. Міндетті түрде мына Қазақстандық млн халық өзгерісті қалайды, осыған кәрекет етейік. Ең кем дегенде 500 мың адам шығу керек»

18.04.2023 жылғы №1142 сарапшының қорытындысына сай, А.Қ. Сембайдың іс-әрекеттерінде сот шешімдерімен экстремистік деп танылған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» ұйымының қызметіне қатысу белгілері бар.

Сонымен, 28.10.1965 жылы туған Сембай Асқар Қажахімұлы ҚР ҚК-нің 405-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмысты жасады, яғни «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық немесе өзге де ұйымдарға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметіне қатысты деп күдіктелуде.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті Сембай Асқар Қажахімұлы, 28.10.1965 ж.т., СҚО туып-өскен әрекетін ҚР ҚК-нің 405-бабы 2-бөлігі бойынша саралады..

2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

Астана қалсы ПД ТБ тергеушісі



Абсадық А.А.

ҚР ҚПК-нің 64-баптарына күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; 8) айғақ беруден бас тартуға; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; 10) дәлелдемелерді ұсынуға; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге; 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға; 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; 24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.



Құжатты дайындады және қол қойды: Абсадық А.А., 13.05.2023 жылы 13:32 (Астана қ. уақыты бойынша), erdg@kqr.kz
Құжатты келісілді: Советов А.М., 13.05.2023 жылы 13:41 (Астана қ. уақыты бойынша), erdg@kqr.kz

ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.

Күдікті:

13.05.2023

Тампестин


Сембай А.Қ.

Қорғандықов Досмағамбетов

Қаулыны жарияланды:

Астана қалсы ПД ТБ тергеушісі

Абсадық А.А.



«Сотқа дейінгі тергеудің бірінші тізілімі» АЖ



QR-код ЭЦҚ қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦҚ туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды